

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің «6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша PhD докторанты Омарова Гульнара Жолдасовнаның «Жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру» атты 6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшісінің

## ПІКІРІ

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: «...оқытудан күтілетін нәтижелер – оқыту процесі аяқталғанда білім алушының нені біліп, түсініп, көрсете алатынын сипаттайтын құзыреттіліктер жиынтығы, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері ескеріледі» деп көрсетілген. Мұның өзі баланың қабілеттілігін ескеруді және құзыреттер жиынтығындағы біліктерді жүйелі қалыптастыруды басты орынға шығарады. Шәкірттердің алған білім өмірде қолданулары белгілі дәрежеде олардың коммуникативтік құзыреттіліктеріне байланысты болып келеді. Ал коммуникативтік құзыреттіліктің іске асуы оқушылардың сөздік қорына байланысты екені белгілі. Бұл ретте оқушылардың сөздікпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырудың маңызы зор. Алайда осы кезге дейін бастауыш сыныптарда сөздікпен жұмыс істеу мәселесі зерттеу нысанына алынбаған. Демек, диссертанттың зерттеу тақырыбы өзекті мәселеге арналған.

Докторант зерттеу жұмысында Е.А. Баринова, Л.Ф. Боженкова, М.Т. Баранов, В.А. Мызина, А.В. Прудникова, З.А. Потиха, Т.М. Пахнова, Т.В. Хачатурова сынды ғалымдардың еңбектерінде сөздіктерді пайдалану лингвистиканың салаларын меңгеру бағытында көрініс тапқанын айта келіп, сөздіктерді пайдалануды отандық әдістемеші ғалымдар (С.Рахметова, Г.Уайсова, Ә.Жұмабаева, Т.Әбдікәрімова, К.Ақбаева, Т.М.Ермекбаев, Қ.Молдабеков, Г.Садуақас және т.б.) оқушылармен сөздік жұмысын жүргізіп, сөздік қорын дамытудың бір әдісі ретінде қарастырғанына тоқталады.

Білім мен біліктің байланысы С.Ф. Жуйкова, А.А. Люблинская, Н.А. Менчинская, Н.Ф. Талызына және т.б. зерттеулерінде ерекше атап өтілгенін көрсетеді.

«Сөздік» ұғымына берілген анықтамалар жан-жақты талданып, сөздіктің түрлері және құрылымы айқындалған. Сөздік түрлерін оқу сөздігіне кіріктіріп пайдалану жайын дәлелді көрсеткен.

Докторанттың зерттеу жұмысы нәтижесінде төмендегідей ғылыми нәтижелерге жеткендігін айтуымызға болады: психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік еңбектерге терең ғылыми талдау жасай отырып «білік», «сөздік», «оқу сөздігі», «білік қалыптастыру»

ұғымдарының мәнін нақтылаған; жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтаған; бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері және оның жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталған құрылымдық-мазмұндық моделін жасаған; бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Бастауыш сынып оқушыларының лингвистикалық сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру» атты 16 сағаттық оқу-әдістемелік семинардың бағдарламасын және 1-сыныпқа арналған «Әліппе» оқулығына қосымша «Менің алғашқы сөздігім» атты көмекші құрал, 1-сыныптың «Ана тілі» оқулығына қосымша «Ана тілінің түсіндірме сөздігі» көмекші құралдары алғаш рет дайындалып, оның тиімділігі эксперименттік-тәжірибелік жұмыстар арқылы дәлелденген; бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі жасалған. Бұл келтірілген дәйектер зерттеу жұмысының ғылыми дәрежелер беру ережелеріндегі талапқа сай орындалғанын дәлелдейді.

Зерттеу жұмысындағы үш бөлім мен тармақтардың логикалық және мазмұндық бөліктері жүйесінің бір-біріне сабақтастық байланыста қарастырылғаны олардың ішкі бірлігінің, яғни құрылымдық және мазмұндық біртұтастығының сақталғандығын көрсетеді.

Докторант зерттеу жұмысының бірінші бөлімін бастауыш сынып оқушыларының сөздікті пайдалану білігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық мәселелеріне арнайды. Екінші бөлімінде бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың әдістемелік негіздері тоқталып, әдістемелік жүйесін және СПБ қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық моделін дайындаған. Үшінші бөлімі жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру әдістемесіне және оны жүзеге асыруға бағытталған тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысына, эксперименттік-тәжірибелік жұмыстың нәтижесіне арналған.

Докторанттың ғылыми ұстанымы айқын. Бастауыш сынып оқушыларының сөздікті пайдалану білігін қалыптастырудың ғылыми-теориялық негізі мен әдістемелік аспектісі анықталған, сөздікті пайдалану білігін қалыптастыру әдістемесі жасалып, тәжірибелік тұрғыдан тексерілген, жоғары нәтижеге жеткен.

Докторант диссертациялық жұмысын толық аяқтаған, алға қойған мақсат-міндеттерін толық орындаған. Зерттеу жұмысын орындау барысында Г.Ж.Омарованың тілдік сауаттылығы, өзіндік ізденісі мен ой түйіндері байқалады. Диссертациялық жұмыста қарастырылған зерттеу мәселесі толық әрі терең негізде қарастырылған, зерттеу нысанына қатысты көптеген ғылыми еңбектерге жан-жақты талдау жасалған.

Омарова Гульнара Жолдасовнаның ««6D010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» – мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған «Жаңартылған білім мазмұны

жағдайында бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру» атты зерттеу жұмысын жаңалығы мол, аяқталған, дербес ғылыми зерттеуге ие еңбек деп санаймын.

Жоғарыда айтылғандарды және Омарова Гульнаның «Жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысы құрылымы, көлемі жағынан талапқа сай жазылған еңбек екенін ескере отырып, қорғауға ұсынамын.

**Отандық ғылыми кеңесші:  
Педагогика ғылымдарының  
докторы, профессор**



*Жумабаева А.Е.*

